



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

15.08.2023 № 2-01-23-65522

16.06.2023 ж. ЖТ-ҰЖ-010000-23-39235

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
М. Әбенов пен Д. Исабековқа

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Халыққа қызмет көрсету орталықтарында екінші деңгейдегі банктер арқылы шетелдік азаматтарға жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - ЖСН) беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіліп жатқандығы туралы ақпараттың растығы жөніндегі депутаттық сауалды қарады.

Заңнамаларға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуді аумақтық полиция органдары «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамдары немесе «электрондық үкімет» веб - порталы арқылы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағында Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіруді Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері жүзеге асыратыны көрсетілген.

Дегенмен, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктерге ЖСН-ді беру бойынша өтініштерді ХҚКО-нің ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді ұсынған.

Алайда, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіруді екінші деңгейдегі банктер жүзеге асыратыны көрсетілмеген.

Осыған байланысты, Бас прокуратура Үкіметке осындай бұзушылықтарға болашақта қайтадан жол бермеу жөнінде хат жолдағанын хабарлаймын.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының м.а.

Т. Тәшімбаев

орынд. Д. Аширбеков, тел. 7172609